

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы

хаттамасы № 1

« 18 » наурыз 2024 жыл

Шымкент қаласы.

Төраға : Шнетов. А

Хатшы: Әбді. Б

Қатысқандар: Облыстық балалар оңалту орталығының жеке құрамы

КҮН ТӘРТІБІ

- 1) Күн тәртібінде: Қазақстан Республикасының 2015 жылы 18 қарашада қабылданған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" №410-V заң.
- 2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі "(Қазақстан Республикасының Кодексі 2104жылылығы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ)
- 3) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі (2014 жылғы 5шілдедегі №235- V ҚРЗ)

Төрағалық етуші А.А Шнетов жиналысты ашық деп жариялап кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың бірі түсіндірме жұмыстары табылатының ескеріп, баяндаушыға сөз берді.

Әбді Б.Е. Кәсіпорнының зәңгері Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу шаралары ретінде 2015 жылы 18 қарашада қабылданған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" №410-V заң бар. Онда: "Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу" болып табылады делінген [2]. Заңда сыбайлас жемқорлықтың жаңа анықтамасы енгізілді, ол мүліктік қана емес, сонымен қатар мүліктік емес игіліктер алу немесе табу, оның ішінде үшінші тұлғаларға қатысты пайда табу деген ұғымды білдіреді. Сонымен қатар, "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті

қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі" деп белгіленген [2]. Аталған заңның 5-бабында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл міндеттері төмендегідей:

- 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою; 74
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодекстермен қарастырылған сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті атап өтіп, сыбайлас жемқорлықпен күресу ғана емес, оның алғы шарттардың жою Кәсіпорнының әрбір қызметкердің міндеті екен айтты.

Осы жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып жиналыс төрағасы және жиналысқа қатысқандар

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

1. Отырар аудандық орталық ауруханасының барлық қызметкерлері заңдылық пен қызметтік тәртіпті қатаң сақтап, сыбайлас жемқорлық заң бұзушылыққа жол бермей жұмыс атқарсын.
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны ескертілсін.

Төраға

Хатшы



Шнетов.А

Әбді. Б